

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
Экономический факультет
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа
и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

17 сәуір 2020 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

PROCEEDINGS

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261

Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности» Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев А. А.
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н., Джондельбаева А.
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г. Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі» халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики: Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economyformation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

право: учебник для вузов. -- 3-е изд., пересмотр, и доп. -- М.: Норма, 2007. -- 816 с.

4. Бахшиев Н. А. Основные модели административного судопроизводства // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. 2013. № 3-1 (29). С. 22-25

5. Боннер А.Т. Судебная практика по делам возникающим из административно-правовых отношений // Государство и право. 1992. № 2.

7. Ведель Ж. Административное право Франции. М.: Прогресс, 1973. 512 с.

8. Голиченко М.М. Правовая природа участия истца и ответчика в исковом производстве: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Саратов, 2003.

10. Дериг Х. 150 лет юрисдикции административных судов в Германии: уровень развития и перспективы на будущее//Ежегодник публичного права 2014: «Административное право: сравнительно-правовые подходы». М., 2014. С. 174-180.

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ СЫРТҚЫ НЕСИЕЛІК ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ақмұрат Ж. Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасы

E-mail: zhanerke.akmurat@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыртқы несиелік қаражаттары жан-жақты сипатталып, ерекшеліктері ашып көрсетілген. Сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыртқы несиелік қаражаттарды тиімді пайдалану жолдары қарастыра келе, сыртқы борыштардың шекті көлемі мен оларды өтеудің жолдары сипатталған.

Түйін сөздер: квазимемлекеттік сектор субъектісі, несиелік қаражат, сыртқы борыш, Ұлттық қор, Акционерлік қоғам, ұлттық холдинг.

Аннотация: В данной статье подробно описаны и раскрыты особенности внешних кредитных средств субъекта квазигосударственного сектора. Вместе с тем, рассматривая пути эффективного использования внешних кредитных средств субъекта квазигосударственного сектора, указаны предельный объем внешних долгов и пути их погашения.

Ключевые слова: субъект квазигосударственного сектора, кредитные средства, внешний долг, Национальный фонд, Акционерное общество, национальный холдинг.

Abstract: This article describes in detail and reveals the features of external credit funds of a quasi-public sector entity. At the same time, considering the ways of effective use of external credit resources of a quasi-public sector entity, the maximum volume of external debts and ways of their repayment are indicated.

Keywords: quasi-public sector entity, credit funds, external debt, national Fund, Joint-stock company, national holding.

Жаңа экономикалық қатынастар қалыптасып, экономикасы әлемдік деңгейде дамып келе жатқан заманауи Қазақстанда мемлекеттік активтер мен қаражаттарды тиімді әрі оңтайлы иелену мен пайдалануға қажеттілік туындауда. Осы орайда бұл мәселе мемлекетке иелік ететін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компаниялар, ЖШС, холдингтер және де Акционерлік қоғамдар жататын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің де қаражаттарын пайдалануда тиімді стратегиялық жүйе қалыптастыруына әкеледі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншік пен активтерді басқаруға қатысты қабылданған заңнамалық, бағдарламалық және стратегиялық құжаттар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтады. Алайда, бүгінгі күнге дейін анықталған мақсаттар мен міндеттерге толыққанда қол жеткізілмеді. Себебі, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінген бюджет қаражаттарын тиімсіз басқару олардың алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге, экономикалық жағдайын жоғарылатуға және жеке инвесторларды тартуға кері әсерін тигізеді.

Қазақстанда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің несиелік қаражаттарды тиімді пайдаланудың нәтижелерін талдау кезінде анықталған негізгі мәселелер:

- Квазимемлекеттік сектор мен ұлттық компаниялардың арасындағы нақты шектеулердің болмауы;
- Ұлттық басқарушы холдингтердің ақпараттарының ашықтығы мен анықтығының жеткіліксіздігі, субъектілердің есептілікке салғырт қарауы;
- Квазимемлекеттік секторлар ақша нарығын үшін жоғары тәуекелдерге барады, уақытша бос ақша қаражаттарын Қазақстанның ЕДБ-ның шоттарына орналастырады.

Квазимемлекеттік секторлардың сыртқы және ішкі қарыздарын бақылау қағидалары мен шекті мөлшерін анықтау.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы және ішкі борыштарының ағымдағы жай – күйіне мониторинг жүргізу даму жоспарлары шеңберінде жүзеге асырылады. Кәсіпорынның ішкі және сыртқы қарыз қаражаттарының түсімдерін, борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді тіркеуді және есепке алуды қарыз алушылар дербес жүзеге асырады.

Қарыз алушылар тоқсан сайынғы негізде есепті айдан кейінгі айдың 10 – ы күніне дейін акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму

жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылау. Алдағы бес жылдық кезеңге арналған қарыздарды тарту жоспарын көрсете отырып, қарыздар бойынша ақпаратты қордың интернет ресурсында орналастырады. Қарыз алушылар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға тоқсан сайынғы негізде қарыздар бойынша ақпаратты қамтитын талдау жазбасын және жарты жылдық негізде ағымдағы жылға арналған сыртқы және ішкі қарыз алушының нақтыланған болжамын ұсыну тиіс. Алдағы бес жылдық кезеңге арналаған қарыздар тарту жоспарлары өзгерген жағдайда, қарыз алушылар осы өзгерістерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келіседі. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тоқсан сайынғы негізде есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 5 - күніне дейінгі мерзімде қарыздар бойынша жиынтық ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

Қарыздар бойынша керекті жиынтық ақпараттар тізімі:

1) Есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніне қарыз алушылар борышының жай – күйі туралы деректер;

2) Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың, сондай-ақ бюджеттік кредиттер мен өзге де борыштық міндеттемелердің жай – күйі туралы деректер (орналастыру күні, өтеу күні, айналыс мерзімі, қызмет көрсету валютасы);

3) Мерзімі өткен төлемдердің болуы және оларды төлеу туралы деректерді қоса алғанда, есепті кезеңде қарыздарды өтеу және қызмет көрсету бойынша жүргізілген төлемдер, қарыздардың нақты түсімі туралы деректер;

4) Есепті кезеңде қарыздарды тарту туралы ақпарат;

5) Алдағы бес жылдық кезеңге арналаған қарыздар тарту жоспары.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік борыштың жай – күйі туралы ескере отырып, тоқсан сайынғы негізде Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында көзделген мынадай борыштық шектеулердің сақталуын қадағалауды жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік борыш пен квазимемлекеттік сектор борышының жоғарғы шегі жиынтығында жалпы ішкі өнімге 60% - дан аспауы тиіс. Борыштың жоғарғы шегінің есебіне мемлекет бақылайтын ұйымдардың өзара міндеттемелері мен бақыланатын резидент емес ұйымдардың міндеттемелері енгізілмейді.

2) Үкіметтің сыртқы борышының (мемлекет кепілдік берген сыртқы борышты ескере отырып) және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышының көлемі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық активтерінің жалпы мөлшерінен аспауы тиіс.

Осыған қатысты сыртқы борыштың шекті көлемі айқындалатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізімі белгіленген (1- кесте)


1- кесте

ҚР-дағы 2019-2020 жылдары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борыштарының шекті көлемі

№	Квазимемлекеттік сектор субъектілері	2019 жыл		2020 жыл	
		Сыртқы борыштың шекті көлемі		Сыртқы борыштың шекті көлемі	
		млн тг	млн АҚШ доллар	млн тг	млн АҚШ доллар
1	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы	6 459 242	18 455	6 312 748	16 613
2	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы	1 924 451	5 498	2 109 335	5 551
3	«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы	441 595	1 262	22 869	60
4	«Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамы	-	-	-	-

Ескерту: валюта бағамы бойынша 1теңге = 380АҚШ доллары

Кестеде көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің 2019-2020 жылдардағы сыртқы борыштарының шекті көлемдерінің арасындағы айырмашылықтары келесі суретте көрсетілген.



Сурет 1. ҚР-дағы 2019-2020 жылдары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борыштарының шекті көлемі

Ұлттық қорды пайдалану тұжырымдамасына сәйкес Үкіметтің жиынтық

борышы, яғни мемлекет кепілдік берген борышты ескере отырып және квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышы Ұлттық қордың валюталық активтерінің мөлшерінен аспауы тиіс. Бюджет саясаты мемлекеттік борыш пен квазимемлекеттік сектор борышының жоғарғы шегі жиынтығында ЖІӨ - ге 60% - дан аспауы тиіс. Мысалы, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компания» АҚ –ның сыртқы қарыздары 2-кестеде көрсетілген.

2- кесте

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компания» АҚ –ның сыртқы қарыздары

	2017 жыл 31 желтоқсан		2018 жыл 31 желтоқсан	
	Соммасы	Орташа алғандағы пайыздық ставка (%)	Соммасы	Орташа алғандағы пайыздық ставка (%)
Тіркелген пайыздық ставкасы бар қарыздар	107,284,068		132,088,033	
-теңгемен	101,304,849	6.78	127,248,857	8.26
-АҚШ долларымен	2,548,026	2.55	2,104,013	2.55
-басқа валютада	3,431,203	4	2,699,163	4.25
Құбылмалы пайыздық ставкасы бар қарыздар	33,828,776		2,241,478	
-теңгемен	30,213,889	11.96	2,241,478	16.52
-АҚШ долларымен	3,614,887	4.14	-	-
БАРЛЫҒЫ	141,112,844		134,329,511	
Қарыздардың ағымдағы бөлігі	30,272,972		51,337,705	
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	110,839,872		82,991,806	
БАРЛЫҒЫ	141,112,844		134,329,511	

Банктік несиелік қарыздар мен борыштық бағалы қағаздардың нақты құнын есептеу өтеу мерзімдері мен кредиттік рейтинг параметрлері бар несие бойынша тиісті жылдың соңына басым нарықтық ставкаларды пайдалана отырып, есепті өтеу кезеңі ішінде нысаналы қағаздар бойынша күтілетін болашақ ақша қаражатының ағындарын дисконттау арқылы жасалады. Компанияға қарыздардың көп бөлігін халықаралық қаржы институттары мен шетелдік банктер ұсынады. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасындағы жеке коммерциялық кредиттік ұйымдардың проценттік ставкаларынан төмен болса да, осы қарыздар бойынша проценттік ставкалар кредиторлардың осы санаты үшін нарықтық проценттік ставкалар ретінде қарастырылады. Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың әділ құны есепті күнгі нарықтық бағалар негізінде анықталды.

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компания» АҚ –ның қарыздарының өтелуі 3- кестеде берілген.

3- кесте

«ҚТЖ» Ұлттық компания» АҚ –ның қарыздарының өтелуі

	2017 жыл 31 желтоқсан	2018 жыл 31 желтоқсан
1 жыл ішінде	30,272,972	51,377,705
1 жылдан 2 жылға дейін	4,157,115	758,539
2 жылдан 3 жылға дейін	4,055,640	1,768,969
3 жылдан 4 жылға дейін	2,805,106	1,347,886
4 жылдан 5 жылға дейін	2,083,092	1,347,886
5 жылдан жоғары	97,738,919	77,768,526
Барлығы	141,112,844	134,329,511

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компания» АҚ 2016 жылдың 22 желтоқсанынан бастап ЕДҚБ келісім шеңберінде 21,729,753 мың теңге қарызын мерзімінен бұрын толық өтеуді жүзеге асырды (ұзақ мерзімді өтеу).

Осы компания 2018 жыл ішінде 2015 жылғы 28 желтоқсандағы несиелік беру туралы келісім шеңберінде «Қазақстан Ұлттық Банкі» АҚ – нан бір жылға дейінгі өтеу мерзімі мен 12% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен 30,490,000 мың теңге көлемінде қарыз қаражатын алған. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компания» АҚ 2018 жылы 2,500,000 мың теңге көлеміндегі ғана қарыз сомасын өтеді.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда мемлекетімізде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ел экономикасындағы үлесі өте үлкен. Олардың қаншалықты тиімді жұмыс істеп жатқандығын, қаражатты тиісті жұмыстарға жұмсалып жатқандығы көпшілікке мәлім емес. Сол себептен де, Қазақстанда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаттарды, оның ішінде несиелік қаражаттарды тиімді пайдалануын бақылау мақсатқа алынып отыр. Нәтижесінде, Қаржы министрлігінде мониторинг және бақылау бойынша тікелей функция пайда болды. Яғни, квазимемлекеттік сектор субъектілері тартылған қаражат туралы есеп беруге міндетті. Осылайша, мемлекет сыртқы борыштың деңгейінің динамикасын толық бақылау жұмысын жүргізеді.

Әдебиеттер

1. Алимов М. Квазигосударственный сектор. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://camonitor.kz/27461-kvazigosudarstvennyy-sektor-kuda-uhodyat-milliardy.html>
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000601>
3. <https://inbusiness.kz/ru/last/utverzhdn-predelnyj-obem-vneshnego-dolga-kvazigosudarstvennogo-sektora-na-2020-god>
4. <https://www.gosreestr.kz/ru/>